

**«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
бойынша білім беруді дамытудың  
2020 – 2025 жылдарға арналған бағдарламасының  
2022 жылғы орындалған іс – шаралар есебі**

Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мерзімінің аяқталуына байланысты және ЖҰЖ-ның 2018 жылғы 29-тармағын (Президенттің 2018 жылғы 12 қазандағы №772 Жарлығы, ЖҰЖ-ның 2019 жылғы 58-тармағы (Президенттің 2019 жылғы 10 қыркүйектегі №152 Жарлығы), білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988), білім беруді дамытудың Ерейментау ауданы білім бөлімінің бағдарламасы негізінде «Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің білім беруді дамыту бағдарламасы әзірленген болатын.

**Бағдарламаның мақсаты:** Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту.

**Міндеттері:**

1. Мектеп жасындағы балаларды жалпы оқытумен қамтамасыз ету.
2. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білімді жаңғырту.
3. Білім алушылар арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты азайту.
4. Қауіпсіз және жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету.
5. Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету.
6. Мектепті цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жаратандыру.

**1. Мектеп жасындағы балаларды жалпы оқытумен қамтамасыз ету.**

Олжабай батыр ауылында тұратын 18 жасқа дейінгі барлық балалар 100% жалпы оқытумен қамтамасыз етілді. 2021- 2022 оу жылында мектепте барлығы - 266 бала, 2022-2023 оқы жылында да - 266 бала білім алды.

1. 2022 жылы 6 жастан 18 жасқа дейінгі балаларды жалпы оқытумен қамту 100% құрады;
2. 2022 жылы Білім беру мазмұнын жаңарту - 266 оқушы немесе 100% көрсетті;

**Педагогикалық әлеуетті дамыту**

1. Мектепте барлығы 32 мұғалім жұмыс істейді. Оның 87% жоғары білімді, 13% арнайы орта білімді. Оның ішінде 3 мұғалім жоғары білім беру ұйымын 2022 жылы тамадады, бұл 9%.
2. Біліктілік санаты бойынша мектепте: педагог – зерттеуші -1 (3%), педагог – сарапшы – 11 (34,5%), педагог – модератор – 9 (28%), 2 санатты -1 (3%), санаты жоқ – 10 (31,5%) мұғалім бар.
3. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білімді жаңғырту мақсатында 2022 жылы мектебіміздің 18 педагогы "Өрлеу "БАҰО"

АҚ филиалдарында білімдерін жетілдірді, ол дегеніміз барлық мұғалімдердің 56% құрады.

## **2. Орта білім беру сапасын арттыру: Қазақстанның өңірлері, қалалық және ауылдық мектептері арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты қысқарту (PISA)**

Халықаралық зерттеулерге дайындалу мақсатында PISA, TIMSS, PIRLS, ICILS халықаралық зерттеулеріне қатысуға даярлау жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді. *PISA (ЭЫДҰ) халықаралық зерттеуіндегі 15 жастағы қазақстандық оқушылардың нәтижелері*

2022 жылы мектебіміз PISA (ЭЫДҰ) халықаралық зерттеуіне қатысушы мектептер тізіміне алмастырушы мектеп ретінде енген болатын. Осы уақытта Аталған нәтижелерге "физика, химия, география, биология, математика сабақтарын жобалау кезінде PISA тапсырмаларын түзету", "PISA бағдарламасының тапсырмаларын қазақ/орыс тілі, физика, химия, география, биология, математика пәндерінің оқу жоспарына интеграциялау" мәселелері бойынша мектептердің пән мұғалімдерімен семинарлар, коучингтер өткізілді. Мектептегі 15 жастағы оқушыларды PISA халықаралық зерттеуіне дайындау бойынша жұмыстар жүргізілді. PISA тапсырмаларын енгізе отырып, жұмыс бағдарламаларын түзетуді дайындау бойынша жұмыс жүргізілді, сынақ тестілері жүргізілуде, психологиялық қолдау күшейтілді, оқушылардың ата-аналарымен дайындық жұмыстары жүргізілді.

## **3. Мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету.**

Мектепте зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған ден қою, сондай-ақ оқушылар арасында зорлық-зомбылық туралы хабардар болуды арттыру үшін өмірлік дағдыларды қалыптастыру және суицидтердің алдын алу жөніндегі бағдарламаны іске асыру жалғастырылуда.

- Қауіпсіз жағдайлардың алдын алу және жасау мақсатында бейнебақылау жүйесімен жабдықталған.
- 2022 жылы мектебіміз турникетпен жабдықталды.
- Мектептің кіре берісінде пандус орнатылған.

Ауылда 01.09.2020 ж. жағдайы бойынша туғаннан 18 жасқа дейінгі ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар (бұдан әрі-ЕКТА) 3 бала есепте тұр. Олар Көкшетау қаласындағы арнайы мектеп- интернатында оқиды.

## **4. Білім алушылардың интеллектуалдық, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету**

1. Балаларға әр түрлі бағыт бойынша оқуға мүмкіндік берілді: көркем-эстетикалық, тілдік, сәндік-қолданбалы, туристік-өлкетану, экологиялық, техникалық, спорттық және т.б. Бұл үйірмелер мен секцияларда 245 бала шұғылданады, бұл жалпы мектеп бойынша 93,5% құрайды.

Балаларды қосымша білім берумен қамту мақсатында мектебімізде түрлі үйірмелер мен секциялар жүргізіледі. Үйірмелер:

- «Жас сарбаз» үйірмесіне – 23 оқушы қатысады.
- «Жас эколог» үйірмесіне – 22 оқушы қатысады.

- «Жас әдебиетшілер» үйірмесіне – 17 оқушы қатысады.
- «English reading club» үйірмесіне – 8 оқушы қатысады.
- «Жас биолог» үйірмесіне – 11 оқушы қатысады.
- «IT сынып» үйірмесіне – 20 оқушы қатысады.
- «Жас физик» үйірмесіне – 23 оқушы қатысады.
- «Кербез» үйірмесіне – 20 оқушы қатысады.

Оқушылардың дене шынықтыру дайындығы үшін типтік спорт залы және стандартты емес футбол алаңы бар. Сонымен қатар, волейбол алаңдары, баскетбол, гимнастикалық қалашықтар, жүгіру жолдары, секіру шұңқырлары жұмыс істейді.

Секциялар:

- Теннис – 15 оқушы қатысады.
- Волейбол – 32 оқушы қатысады.
- Баскетбол – 22 оқушы қатысады
- Футбол – 17 оқушы қатысады
- Шашки – 15 оқушы қатысады

2. Балаларды демалыспен және сауықтырумен мақсатында 2022 жылы «Балдаурен» сауықтыру кешеніне – 7 оқушы барды.

- Қала сыртындағы «Жұлдыз» лагеріне 8 оқушы барды.
- мектепалды «Достық» лагерінде -30 бала демалды.

3. Патриоттық тәрбие беру мақсатында мектептерде "Жас Ұлан", "Жас Қыран", "Адал ұрпақ" балалар қоғамдық ұйымдары жұмыс істейді. Бүгінгі таңда мектептің 84 оқушысы "Жас Ұлан", 52 оқушы "Жас Қыран", 10 оқушы «Адал ұрпақ» мүшесі болып табылады.

4. Білім алушыларды патриоттық тәрбиелеу мақсатында әскери-патриоттық клубтардың рөлі күшейтілді. Балаларға Қазақстандық патриотизмді, азаматтықты қалыптастыру мен дарытуда мектепте 23 баланы қамтитын әскери-патриоттық клуб жұмыс істейді.

### 5. Материалдық-техникалық жарақтандыруды және цифрлық инфрақұрылымды жақсарту.

Мектебіміз 2 ауысымда оқиды, апатты мектептер қатарына кірмейді. 23 оқу кабинеті бар.

Аудандағы білім беру ұйымдарының апаттылығын болдырмау және күрделі жөндеу жүргізу қажеттілігін анықтау бойынша нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін, сондай-ақ облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес білім бөлімінің тапсырысы бойынша мектептің ағымдағы жағдайына талдау жүргізді. Жоспар бойынша мектепбіміз 2023 жылы күрделі жөндеуден өтеді.

Білім беру ұйымдарының цифрлық инфрақұрылымын дамыту бойынша жұмыс жалғасуда (сымсыз коммуникациялар, бұлтты технологиялар, микросерверлер, компьютерлер мен перифериялық жабдықтар, жергілікті желі, интернетке кең жолақты қолжетімділік және т.б.). мектептегі әр кабинетте компьютер орнатылған және білім беру үрдісінде қолданылады.

Мектеп директоры:

Орынд: Смаилова С.А.

Назарбекова С.А.